

Жек дуадақтарды аулауды жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 шілдедегі N 790 Қаулысы

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шейх Нахаян Бин Заед Аль Нахаянға (Біріккен Араб Әмірліктері) Андасай мемлекеттік табиғи қаумалының аумағын қоса алғанда, Жамбыл облысында 18 жек дуадақты 2005 жылғы 1 қыркүйек - 31 қазан кезеңінде өз ителгілерімен аулауына рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті:

1) белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген тұлғаға жек дуадақтарды өз ителгілерімен аулауға рұқсат берсін;

2) ителгімен саятшылық құруды ұйымдастыру және жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 969 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ереженің орындалуын қамтамасыз етсін;

3) "Охотзоопром ӨБ" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсетілген Ереженің 8-тармағына сәйкес қызметтер көрсетуді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Биологиялық зерттеулер орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Зоология институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесіп, осы қаулының 1-тармағында көрсетілген тұлғамен шарттық негізде жек дуадақтың өсімін қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасындағы СИТЕС әкімшілік органы - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ителгімен саятшылық құру үшін жыртқыш қыран құстарды Қазақстан Республикасына әкелу мен одан әкетуді Жойылып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның рәсімдерін сақтай отырып, қамтамасыз етсін.

4. Жамбыл облысының әкімі көрсетілген іс-шараларды ұйымдастыруда қажетті жәрдем көрсетсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК